

## ТИІМДІЛІК АУДИТІН ЖҮРГІЗУДІҢ КЕЙБІР ӨДІСТЕМЕСІ

**Абзал АБДИГАМИДОВ\*** мемлекеттік аудитор, Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Ішкі аудит қызметінің басшысы, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы, [amankel@mail.ru](mailto:amankel@mail.ru)

<https://doi.org/10.52123/1994-2370-2021-57>

ӘОЖ 342.9.07

ҒТАХТК 10.17.25

**Аңдатпа.** Аталған мақалада автор мемлекеттік органдардың ішкі аудит қызметімен жүргізілетін тиімділік аудитін жүргізу бойынша тәжірибеден өткізілген өзінің қолданатын әдістемесін ұсынып отыр. Тиімділік аудитін жүргізуде тиімділік, үнемділік, өнімділік және нәтижелілік нысаны бойынша толық мақсатқа жету үшін тиісті уақыт ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында аудит объектісінің белгілі бір кезеңдегі басқару, қаржы, ақпарат, мемлекеттік қызмет көрсету, стратегиялық нәтижелерге жетуі, қоғамның пікірі, уәкілетті органдардың, тексеруші органдардың тексеру қорытындылары, т.б. ақпараттарды талдау жасауға, бағалауға басым көңіл бөлуі керек. Тиімділік аудитінің сапалы әзірленген арнаулы көрсеткіштері мен бағалау критерийлері және көрсеткіштері аудит мақсатына жету үшін және осы көрсеткіштер бойынша аудит объектісінің қызметінің нәтижесін егжей-тегжейлі анықтау үшін ең қажетті құрал болып табылады.

**Түйін сөздер:** тиімділік аудиті, әдістеме, бағалау критерийлері, бағалау көрсеткіштері, балл.

**JEL кодтар:** H83

**Abstract.** In this article, the author proposes a methodology for conducting an efficiency audit used by the internal audit services of state bodies. In order to effectively use the appropriate time resources to achieve the objectives of the performance audit for efficiency, cost-effectiveness, productivity, priority should be given to the analysis, evaluation of management, finance, information, public services, strategic results, the opinions of the company, the results of audits of authorized bodies, audit bodies and other information of the audited entity for a certain period. High-quality developed special indicators and evaluation criteria and performance audit indicators are the most necessary tool for achieving the audit objective and detailed determination of the results of the object's activities audit based on these indicators.

**Keywords:** performance audit, methodology, evaluation criteria, evaluation indicators, scores.

**JEL codes:** H83

**Аннотация.** В данной статье автором предложена применяемая им методика проведения аудита эффективности, проводимого службами внутреннего аудита государственных органов. В целях эффективного использования соответствующих временных ресурсов для достижения целей аудита эффективности на предмет эффективности, экономичности, продуктивности и результативности приоритетное внимание должно уделяться анализу, оценке управления, финансов, информации, оказания государственных услуг, достижения стратегических результатов, мнений общества, результатов проверок уполномоченных органов, проверяющих органов и другой информации объекта аудита за определенный период. Качественно разработанные специальные показатели и критерии оценки и показатели аудита эффективности являются наиболее необходимым инструментом для достижения цели аудита и детального определения результатов деятельности объекта аудита по этим показателям.

**Ключевые слова:** аудит эффективности, методика, критерии оценки, показатели оценки, баллы.

**JEL коды:** H83

### Кіріспе

Халықаралық жоғары аудит органдарының (INTOSAI) ұйымының 300 Жоғары аудит органдарының халықаралық стандарттарына (ISSAI) және 3000 Тиімділік аудитінің стандарттарына бойынша тиімділік аудиті жаңа ақпарат, талдау немесе жаңа әзірлемелер және, мүмкін болса, жақсарту бойынша ұсыныстар беруді мақсат етеді. Тиімділік аудиттері келесі

жолдар арқылы жаңа ақпарат, білім немесе пайда береді:

- жаңа аналитикалық әзірлемелерді ұсыну (неғұрлым кең немесе терең талдау, сондай-ақ жаңа көзқарас);
- мүдделі тараптар үшін әр түрлі ақпараттың қол жетімділігі;
- аудиторлық дәлелдемелерге негізделген тәуелсіз және беделді көзқарас немесе қорытындылар;
- аудиторлық зерттеулер

\* Хат-хабарларға арналған автор: А. Абдигамидов, [amankel@mail.ru](mailto:amankel@mail.ru)

нәтижелерін талдауға негізделген қорытындылар (Международная организация высших органов аудита (ИНТОСАИ)).

Жалпы тиімділік аудитінің қажеттілігі бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін арттыруға әсер ететін құрал ретінде пайда болды. Уақыт өте келе тиімділік аудитінің прототипі бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалуды фактілерін анықтау әдісінен, басқалармен қатар, мемлекеттік қаражатты неғұрлым тиімді пайдалануға қол жеткізу жөнінде ұсынымдар әзірлеуді көздейтін дербес қаржылық бақылау институтына айналды.

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тиімділік аудиті – ол мемлекеттік аудит объектісінің қызметін тиімділік, үнемділік, өнімділік және нәтижелілік нысанына бағалау және талдау болып табылды (Қазақстан Республикасының Парламенті, 2015).

Қаржылық бақылаудың толыққанды институты ретінде тиімділік аудиті Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка елдерінде қалыптаса бастады.

XX ғасырдың ортасында (1950 жылдың аяғы-1960 жылдардың басы) Америка Құрама Штаттарының, Швецияның, Финляндияның, Нидерландының, Ұлыбританияның және Канаданың мемлекеттік қаржылық бақылауында тиімділік аудиті - қаржылық бақылаудың жаңа түрі пайда болды және дами бастады.

1970 жылдардың соңына қарай тиімділік аудиті ерекше мәні, әдіснамасы, мақсаттары мен міндеттері бар қаржылық бақылаудың дербес түрі ретінде қалыптастырылды және жоғары аудит органдарының қызметінде кеңінен таралды, бұл 1977 жылы Халықаралық жоғары аудит органдары ұйымының (бұдан әрі - ИНТОСАИ) ІХ конгресінде қабылданған аудиттің басшылық қағидаттарының Лима декларациясында көрініс тапты.

Тиімділік аудиті 1970 - 1980-хх жылдары әлемде кеңінен таралды. Бұл құбылысты дамыған батыс елдерінде бір уақытта қалыптасқан факторлардың жиынтығымен түсіндіруге болады:

1) мемлекеттік басқарудың

әкімшілік реформаларын және бюджет процесін жүргізу;

2) нәтижеге бағдарланған бюджеттеу қағидатын қолдануға көшу;

3) қызметтің жаңа салаларын енгізу арқылы мемлекеттік билік органдарының құзыретін кеңейту салдарынан мемлекеттік шығыстарды ұлғайту;

4) табиғи ресурстардың шектеулілігіне байланысты оларды неғұрлым ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету қажеттігі;

5) жүргізілген шығындар құнының, алынатын нәтиже мен әлеуметтік-экономикалық тиімділік (value-for-money) арақатынасының тұжырымдамасын дамыту);

6) демократиялық институттардың дамуы мен қоғамның құқықтық санасының өсуі салдарынан бюджет қаражатын шоғырландыру, бөлу және пайдалану жөніндегі процестердің және мемлекеттік қаражатты басқаратын органдардың есеп берушілігінің деңгейін арттыру;

7) мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру арқылы мемлекеттік қаражатты пайдаланудың тиімділігін арттыруға ұмтылу (Черняева, 2017).

Қазақстанда мемлекеттік аудит институты соның ішінде тиімділік аудитін қолдану Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасын қабылдаумен және соны іске асыру мақсатында тиісті заңнамалық нормаларды қабылдаумен пайда болды (Қазақстан Республикасы Президенті, 2013).

Жалпы, мемлекеттік аудитін жүзеге асыру тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде атқарылатыны белгілі, себебі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану аудиторлардың уақытын, адами және т.б. ресурстарын үнемдейді және жұмысты аудит объектісіндегі нақты проблемаларға қарай бағыттайды.

Яғни, егер бір мемлекеттік органға тиесілі 100-ден астам аудит объектісі болатын болса, ал Ішкі аудит қызметінің адами ресурстарының, яғни аудиторларының саны 10 адамға дейін болатын болса, әлбетте, 100 аудит объектісінің барлығына аудит жүргізу мүмкін емес. Сондықтан сол 100 аудит объектісінің ішінен әр түрлі тәуекелдерінің нақты болуы ықтимал

және Ішкі аудит қызметінің бар ресурстарының көлемінде қамти алатын (мысалы 15) аудит объектілерін таңдау үшін тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалана отырып тиісті критерийлер негізінде талдау, бағалау арқылы таңдалуы қажет.

Дегенмен, тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалана отырып бұзушылық, кемшілік және алдына қойған мақсатқа қол жеткізбеу тәуекелі ең жоғары аудит объектісін таңдау дегеніміз, әлбетте, бұл априори, аудит нәтижесі бойынша аудит объектісінің қызметі 100% тиімді болмайды деген сөз, себебі, аудит объектісі алдын ала тәуекелі бар, сондықтан аудит мақсаты тиісті тәуекелдерге негіз болған кемшіліктерді, бұзушылықтарды және факторларды анықтау болып табылады.

Тиімділік аудитіне келетін болсақ, нақты белгіленген көрсеткіштері, арнаулы көрсеткіштері мен критерийлері негізінде тиісті тексеру, талдау және бағалау нәтижесі бойынша аудит объектісінің қызметінің тиімді не тиімсіз екендігі бағаланады. Бұл жерде аудит объектісінің қызметінің тиімді болуы ықтималдылығы бар екендігі аңғарылады, осыған орай, тиімділік аудитін өткізу үшін аудит объектісін анықтау тек тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде ғана болмайды деген пікір қалыптасады. Тиімділік аудитін жүргізудің негізгі мақсаты аудит объектісінің қызметінің дұрыс бағытта екендігін, қызмет барысындағы жетістіктері мен әлсіз тұстарын, мүмкіндіктері мен тәуекелдерін анықтай отырып тиісті бағдар беру, жетістіктерінің факторларын анықтап, басқарушылық тәжірибесін өзге ұйымдарда пайдалануға ұсыну, кемшіліктерінің факторларын, басқарушылық тәуекелдерін анықтап, өзге ұйымдарда болдырмау мақсатында ескеру болып табылады.

Кейде тиімділік аудитінің мақсаты - аудиттің негізгі мәселелері бойынша жауаптар берумен қоса аудиторлардың жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар беру деп айтылады (Нугербеков, 2018). Алайда, бұл пікірмен келіспеуге болады деп санаймыз, себебі, аудиторлардың жұмысын жақсарту тиімділік аудитінің мақсаты бола алмайды. Тиімділік аудитінің негізгі мақсаты - ол негізі

экономиканың мемлекеттік секторындағы аудит объектісінің жұмыс істеуінің сапалық сипаттамаларын жақсарту болып табылады (Бегленова, 2018).

Квазимемлекеттік ұйымдардың, мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметінің тиімділігін бағалау мемлекеттік аудит енгізілгенге дейінгі дәстүрліден өзгеше әдістерді қолдануды талап етеді, соның ішінде, қаржылық бақылау әдістерін, жүйесін енгізгенге дейін орын алған, корпоративтік басқару тәсілдерін, бизнесті бағалау, қаржылық талдау, экономикаға әсерін анықтау т.б. қажетті жаңа құзыреттерді талап етеді (Алпысбаев, 2018).

Қазақстанда мемлекеттік аудит аясында тиімділік аудит жүргізу Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті мен Ішкі аудит қызметтерінің құзыретіне берілген.

### **Материалдар және әдістер**

Мақаланы жазу барысында отандық нормативтік құқықтық актілер және жоғары аудит органдары қызметінің тәжірибесі қолданылды. Материалдарды түсіндіруде жинақтау, топтау, талдау және салыстыру әдісі қолданылды.

### **Нәтиже және талқылау**

#### **Тиімділік аудитін жүргізу ерекшелігі**

Қазіргі таңда тиімділік аудитін өткізу бойынша нақты бір әдістеме жоқ, сондықтан әр ішкі аудит қызметі тиімділік аудитін өздігінше өткізеді, көп жағдайда сәйкестік аудитіне ұқсас келеді, яғни аудиторлар тарапынан аудит объектісінің заңнама талаптарының орындалуын тексеруге, бұзушылықтар мен кемшіліктерді анықтауға басым көңіл бөлінеді. Тиімділік аудитін жүргізуде тиімділік, үнемділік, өнімділік және нәтижелілік нысаны бойынша толық мақсатқа жету үшін аудиторлар тиісті уақыт ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында соңғы есептік нәтижелерді талдауға басымдылық қою қажет. Яғни аудит объектісінің белгілі бір кезеңдегі басқару, қаржы, ақпарат, мемлекеттік қызмет көрсету, стратегиялық нәтижелерге жетуі, қоғамның пікірі, уәкілетті органдардың, тексеруші органдардың тексеру қорытындылары, т.б. ақпараттарды талдау жасауға,

бағалауға басым көңіл бөлунуі тиіс (Абдигамидов, 2018).

Тиімділік аудитін жүргізу жан жақты үлкен білімділікті және біліктілікті талап ететін творчестволық жұмыс болып табылады. Тиімділік аудитін жүргізудегі ең маңызды кезең ол нақты аудит объектісі бойынша тиімділік көрсеткіштерін ашу мақсатында әзірленетін арнаулы көрсеткіштер мен бағалау критерийлерді таңдау кез-келген аудит нәтижелерінің сапасын анықтайтын негізгі процедура болып табылады. Тиімділікті бағалау критерийлерін таңдау тиімділік аудитінің нысанасы мен объектілерін алдын-ала зерделеу барысында оның мақсаттары айқындалғаннан кейін кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Тиімділікті бағалау критерийлерінің көздері, ол ең алдымен, заңнамалық және өзге де нормативтік актілер, сондай-ақ нәтижелер көрсеткіштері, мемлекеттік қаражатты пайдаланудың немесе аудит объектілерінің қызметін ұйымдастырудың және рәсімдерінің сипаттамалары белгіленген құжаттар болуы тиіс (Саунин, 2017).

Халықаралық жоғары аудит органдарының (INTOSAI) ұйымының 300 Жоғары аудит органдарының халықаралық стандарттарына (ISSAI) және 3000 Тиімділік аудитінің стандарттарына сәйке критерийлер тексеру (аудит) мәні, мәселесі үшін бағалаудың салыстырмалы эталондары болып табылады. Тиімділік аудитінің критерийлері – бұл негізделген, аудитке тән қызмет стандарттары болып табылады, осы арқылы операциялардың тиімділігін, үнемділігін және нәтижелілігін бағалауға болады. Критерийлер аудит мақсатына сәйкес дәлелдемелерді бағалау, аудит нәтижелері қалыптастыру және қорытындылар жасау үшін негіз болып табылады. Олар сонымен қатар аудиторлық топтың ішінде, жоғарғы аудит органы басшылығымен және объектілермен байланыс кезінде талқылаудың маңызды элементін құрайды (Международная организация высших органов аудита (ИНТОСАИ)).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 2 қазандағы №873 бұйрығымен бекітілген Ішкі аудит қызметтерінің тиімділік аудитін жүргізу

бойынша ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылақ бақылаудың рәсімдік стандарты (бұдан әрі – Рәсімдік стандарты) бойынша тиімділік аудитін жүргізу үшін тиісті арнаулы көрсеткіштер әзірленіп қолданылады, аталған көрсеткіштер мынадай сипаттамаларға сәйкес болу керек:

1) қолданылу - тиімділік аудитінің мақсаты және мәселелерімен байланысты көрсеткіштері;

2) қолайлық - заңнама талаптарымен немесе тәуелсіз сарапшылар пікірімен келісілген көрсеткіштері;

3) сенімділік - ұқсас тұжырымдар, қорытындылар мен ұсынымдар үшін ұқсас жағдайлар кезінде мемлекеттік аудиторлармен қолданылатын көрсеткіштері;

4) объективтілік - біржақты болып табылмайтын толық және сенімді ақпаратқа негізделетін көрсеткіштері;

5) толықтық - тиімділік аудитінің мақсатына жету үшін жеткілікті болып табылатын көрсеткіштері;

6) пайдалық - көрсеткіштерді қолдану негізделген тұжырымдарды, тиімділік нәтижелерін жақсарту бойынша қорытындылар мен ұсыныстарды тұжырымдамалау үшін фактілерді (деректерді) анықтауын қамтамасыз етеді;

7) түсініктілік - көрсеткіштер шекті қысқаша, нақты және мағынаны әртүрлі түсіндіруге жатпайтын тұжырымдауын қамтиды (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, 2018).

Рәсімдік стандартта тиімділік аудитінің көрсеткіштерін әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №954 Жарлығымен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесін іске асыру мақсатында әзірленген әдістемелерге сәйкес критерийлер мен тиімділік көрсеткіштерін пайдалануға жол береді (2010).

Рәсімдік стандарттағы талаптарға тиімділік аудитінің көрсеткіштерінің сәйкестігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік аудит объектісінің



лауазымды тұлғаларымен тиімділік аудитінің көрсеткіштерін талқылау және қажет болған жағдайда сарапшылар тарту қарастырылған.

Жоғарыда айтылғандай тиімділік аудитін жүргізу бұл творчестволық жұмыс, мемлекеттік аудиторлар аудит объектісі туралы толық мәлімет білу қажет, соның ішінде аудит объектісінің қызметі саласы туралы, қолданатын нормативтік-әдіснамалық базасын, аудит объектісі қызметінің стандарттарын зерделеуді, аудит объектісінің саласындағы тәжірибесі бар білікті мамандарынан, сарапшыларынан тәуелсіз сараптамалық пікір алуды, яғни жан-жақты зерттеуді қажет етеді (Бегленова, 2018).

Тиімділік аудитінің тиімділік, үнемділік, өнімділік және нәтижелілік көрсеткіштері бойынша аудит объектісін бағалау мүмкін емес, себебі аталған көрсеткіштерді пайдалану үшін аудит объектісінің қызмет саласы және қызметінің көлемі бойынша арнаулы көрсеткіштер болу керек. Сонымен қатар, аудит объектісінің осы арнаулы көрсеткіштер бойынша қызметін бағалау үшін өлшеуге болатын бағалау критерийлері анықталуы қажет. Ал бағалау критерийлері бойынша нақты бағалау көрсеткіштері анықталуы қажет (Саунин, 2017).

Әрине тиімділік аудитінің арнаулы көрсеткіштері мен бағалау критерийлерін әзірлеу кезінде кейбір тәуекелдер де жоқ емес, соның ішінде мына тәуекелдер ескерілуі қажет:

1) субъективтік – толық, объективтік емес ақпарат болмаған жағдайда және тексерілетін бағыт, сала (облыс) бойынша тексерілетін салада (облыста) нормативтік-әдіснамалық базасының және тәжірибенің жоқтығы салдарынан жеткіліксіз жан-жақты зерттелмеген жағдайда көрсеткіштерді әзірлеу;

2) осы саланың тәуелсіз сараптамалық пікірдің, білікті мамандардың, тәуелсіз мамандандырылған сарапшылардың, ғылыми әзірлемелердің болмауы;

3) тиімділік аудитінің саласының (облысы) ерекшелігіне байланысты сандық және сапалық көрсеткіштерін тиімділігін өлшеу мүмкін еместігі;

4) жаңа салада аудиторлық іс-

шаралар жүргізу кезінде мемлекеттік аудит объектісі қызметінің стандарттарының болмауы (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, 2018).

Тиімділік аудитінің арнаулы көрсеткіштері мен бағалау критерийлері және көрсеткіштері аудит мақсатын және осы көрсеткіштер бойынша аудит объектісінің қызметінің нәтижесін егжей-тегжейін анықтау үшін қажетті сұрақтарын әзірлеуге негіз болып табылады, ал аудит сұрақтары тиімділік аудитінің көрсеткіштерімен логикалық байланысты қамтамасыз етуі қажет.

Мемлекеттік органдарда, өзге мемлекеттік ұйымдарда және квазимемлекеттік ұйымдарда тиімділік аудитін жүзеге асыруға байланысты олардың әр қайсысының арнаулы көрсеткіштері мен бағалау критерийлері аудит объектісінің саласына, мақсаттары мен міндеттеріне, функцияларына және қолданатын нормативтік-әдіснамалық базасына байланысты әр қалай болады.

Квазимемлекеттік ұйымдарда, олардың коммерциялық ұйым болуына және негізгі мақсаттары табыс табу, мемлекеттік қызмет көрсету және белгілі бір саланың қоғамда дамуына үлес қосу болуына байланысты, соған сәйкес арнаулы көрсеткіштері мен бағалау критерийлері әзірленеді.

Квазимемлекеттік сектор субъектінде тиімділік аудитін жүргізу үшін оның қызметін реттейтін заңнама талаптарын түсіне білуді, ішкі құжаттарды зерделеуді талап етеді. Мемлекеттік аудиторлар және басқа да аудит тобының мүшелері квазимемлекеттік ұйымдардың негізгі және өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін қолданылатын саясатын, сондай-ақ құзиреттерді, өкілеттіктері мен жауапкершілігін бөлу практикасынан хабардар болуы керек (Муканов, 2020).

Бағалау критерийлері нақты қойылған арнаулы көрсеткіштерді ашатын, аудит объектісінің қызметінің әр бағытын қамту керек. Ал бағалау көрсеткіштері аудит объектісінің қызметінің әр бағыты бойынша бағалау критерийлеріне қойылған аудит объектісінің қызметін бағалайтын баллдық нысанда жақсы және нашар болжамды нәтижесін көрсету керек.

Сондықтан бағалау критерийлерін

және бағалау көрсеткіштерін мемлекеттік органның басшылығымен, аудит объектісімен және сонымен қатар аудит объектісінің саласы бойынша білікті мамандармен, сарапшылармен келісіліп әзірленуі қажет. Бағалау критерийлері мен бағалау көрсеткіштерінің аудит іс-шараларының алдында, аудит объектісін алдын-ала зерттеу барысында әзірленуі маңызды, себебі аудит барысында не болмаса аудит аяғында әзірлеу объективсіз болады және аудит объектісі тарапынан келіспеушіліктерге алып келуі мүмкін. Осыған орай бағалау критерийлерінің бағалау көрсеткіштерінің болжамды мәндері ақылға сай, аудит объектісінің алдына қойылған мақсаттары мен міндеттерінен шығатын, аудит объектісінің жоғары тұрған басшылығы күтетін мәндерге сай болу керек және бағалау көрсеткіштерінің болжамды мәндері аудит объектісі тарапынан толық қабылдану керек.

Тиімділік аудиті бойынша аудит объектісінің бағалау критерийлері мен бағалау көрсеткіштерін әзірлеу бір жағынан ішкі аудит қызметкерлерінің біліктілігін, білім мен тәжірибе әлеуетін, стратегиялық ойлау қабілетін анықтау үшін жақсы құрал болып табылады, онымен қоса аудит сұрақтарын сапалы және аудит мақсатына сай мәнді әзірлеу

үшін қажет.

**Квизимемлекеттік сектор субъектілерінде қолданатын бағалау критерийлері**

Жоғарыда айтылған сөздер жәй ғана теория және абстрактылы ұғым болып қалмау үшін нақты мысалдармен көрсетейік. Мысалы, Түкістан облысының әкімі аппараты ішкі аудит қызметі тарапынан «Түкістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамында (бұдан әрі - Корпорация) тиімділік аудитін жүргізу тәжірибесін қарайық (автордың кәсіби тәжірибесінен).

Бұл аудиттегі тиімділік аудитін жүргізудің мәні мен мақсаты: Корпорацияның 2017-2018 жылдардағы атқарылған қызметінің тиімділігін талдау.

Тиімділік аудитін жүргізу бойынша келесі арнаулы көрсеткіштер қойылды:

1-көрсеткіш: Корпорацияның 2017-2018 жылдардағы директорлар кеңесі мен атқарушы органының жұмыс тиімділігі.

2-көрсеткіш: Корпорацияның 2017-2018 жылдардағы инвестициялық жобалар бойынша қызметінің өнімділігі.

Корпорацияның қызметінің бағытын, міндеттері мен функцияларын ескере отырып келесі тек Корпорацияға бағытталған бағалау критерийлері мен бағалау көрсеткіштері қабылданды:

**Кесте 1 – Корпорацияның қызметін бағалау критерийлері мен бағалау көрсеткіштері**

<b>Бағалау критерийлері</b>	<b>Бағалау көрсеткіштері</b>
Корпорацияның табыс өнімділігі	Корпорацияның әр жылдық табысы, алдыңғы жылдан өсімі жоғары, әр +10% үшін
	Бір қызметкерге таза табыс, оған жұмсалған орташа шығыннан жоғары
	Бір қызметкерге таза табыс, жалпы таза табыс көлемінің 3% жоғары
	Бір қызметкерге таза табыс, жалпы таза табыс көлемінің 3% кем
Жобалардың тиімділігі	Барлық жобалардың тиімді жүзеге асырылған үлесі 50% жоғары
	Тиімсіз жүзеге асырылған жобалар үлесі 50% төмен әр - 10% бойынша
	Бастапқы сатыда (start-up) жобаның болуы, әр бір жоба үшін
Жеке инвесторлардың қаражатын тарту	Жеке инвесторлардың қаражаты мүлдем тартылмаған
	Жеке инвесторлардың қаражатын тарту жолға қойылған, әр бір жоба үшін
Корпорацияның қалпына	Қалпына келтірілген (сауықтырылған) кәсіпорындар жоқ

келтірілген (сауықтырылған) кәсіпорындар	Қалпына келтірілген (сауықтырылған) кәсіпорындар жылына 2 жоғары
Жобалардың өңірді қамтуы	Облыстың 30% жоғары, әр +10% аумағын қамтығаны үшін
	Облыстың 30% төмен, әр -10% аумағын қамтығаны үшін

Бұл әрине, тек кейбір мысал үшін алынған бағалау критерийлері мен бағалау көрсеткіштері, жалпы бұл аудит барысында 17 бағалау критерийлері және 35 бағалау көрсеткіштері қабылданған.

Міне, жоғарыда көрсетілгендей арнаулы көрсеткіштер мен бағалау критерийлерін қолдану арқылы, ішкі аудит қызметі тарапынан логикалық байланыс қамтамасыз ете отырып тиісті бағдарлама сұрақтары әзірленіп қабылданған.

Осы жерде айта кету керек, тиімділік аудиті барысында ішкі аудит қызметі тарапынан басқа өңірлердегі осындай элеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың ашық ақпарат көздеріндегі мәліметтермен салыстыра отырып Корпорацияның рейтингін, қызметінің әлеуетін салыстыру жасалды.

Одан бөлек аудит нәтижесі бойынша SWOT талдау әдістемесі де қолдана отырып Корпорацияның тиісті күшті, әлсіз тұстары, мүмкіндіктері мен тәуекелдері анықталып, осыған сәйкес аудит қорытындысы бойынша тиісті ұсынымдар әзірленді.

Осыған ұқсас тағы бір

квазимемлекеттік ұйымдағы тиімділік аудитін жүргізу мысалын атап өтсек, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ішкі аудит қызметі тарапынан «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамында (бұдан әрі - Қоғам) тиімділік аудитін жүргізу (автордың кәсіби тәжірибесінен):

Бұл аудиттегі тиімділік аудитін жүргізудің мәні мен мақсаты: Қоғамның 2018-2020 жылдардағы қызметінің тиімділігін талдау.

Тиімділік аудитін жүргізу бойынша мынадай арнаулы көрсеткіштер белгіленеді:

1) Қоғамның 2018-2020 жылдардағы қаржы-шаруашылық қызметінің өнімділігі мен тиімділігі.

2) 2018-2020 жылдардағы мемлекеттік тапсырманы орындаудың нәтижелілігі мен тиімділігі.

3) корпоративтік басқарудың тиімділігі.

Қоғам қызметінің бағытын, міндеттері мен функцияларын ескере отырып келесі тек Қоғамның қызметіне бағытталған бағалау критерийлері мен бағалау көрсеткіштері қабылданды:

**Кесте 2 – Қоғам қызметін бағалау критерийлері мен бағалау көрсеткіштері**

Бағалау критерийлері	Бағалау көрсеткіштері	Өлшемшарттар деңгейі	Баға (балмен) <i>Мысал</i>
Мемлекеттік тапсырма шартының талаптарын орындау <b>(4 балл) Мысал</b>	Шарт талаптарын орындамау фактілері (болмауы)	Жоқ	Өте жақсы (4 балл)
		1 факті	Жақсы (3 балл)
		2 фактіге дейін	Қанағаттанарлық (1 балл)
		2-ден астам факті	Нашар (0 балл)
Өнім өндірісі <i>(Өлшем бірлігі хабар тарату сағаты)</i> <b>(3 балл)</b>	Мемлекеттік тапсырма шарты шеңберінде көрсетілген хабар тарату көлемінен меншікті өнім өндіру көлемі	Шарт шеңберінде көрсетілген хабар тарату көлемінен 5% - ға артық	Өте жақсы (3 балл)
		Шарт шеңберінде көрсетілген хабар тарату көлеміне сәйкес келеді	Жақсы (2 балл)
		Кем	Нашар (0 балл)

Шетелдік өнімдерді сатып алу (Өлшем бірлігі теңге) <b>(4 балл)</b>	Шетелдік өнімді сатып алу көлемі	7% -ға дейін	Өте жақсы (2 балл)
		7% -дан 9%-ға дейін	Қанағаттанарлық (1 балл)
		9% астам	Нашар (0 балл)
	Шетелдік өнімнің бағыты мемлекеттік тапсырманың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді	сәйкес келеді	Өте жақсы (2 балл)
		1 сәйкессіздік фактісі бар	Қанағаттанарлық (1 балл)
		1-ден астам сәйкессіздік фактісі бар	Нашар (0 балл)
Телеарна рейтингі <b>(4 балл)</b>	Телеарнаның тиісті телеөлшеуі үшін (ұйымдар, TNS және т. б.) өлшеу қорытындысы бойынша (панель +100 каз)	Кемінде 1 телеарна үздік 5-ке кіреді	Өте жақсы (4 балл)
		Кемінде 2 телеарна үздік 7-ге кіреді	Жақсы (3 балл)
		Кемінде 3 телеарна үздік 10-қа кіреді	Қанағаттанарлық (2 балл)
		3-тен астам телеарна үздік 10-тан төмен	Нашар (0 балл)
Өнім сапасы <b>(4 балл)</b>	Өнімдердің мемлекеттік тапсырманың мақсаттары мен міндеттеріне, сондай-ақ ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігі	Сәйкессіздік фактісі жоқ	Өте жақсы (4 балл)
		2-ге дейін сәйкессіздік фактісі бар	Жақсы (3 балл)
		2-ден 3-ке дейін сәйкессіздік фактісі бар	Қанағаттанарлық (1 балл)
		Сәйкессіздіктің 3-тен астам фактісі бар	Нашар (0 балл)
Телевизиялық жобалар өндірісі <b>(2 балла)</b>	Алдағы маусымда жаңа телевизиялық жобалардың, оның ішінде әлеуметтік	10-нан кем емес	Өте жақсы (1 балл)
		7-ден кем емес	Жақсы (0,5 балл)
		3-тен кем	Нашар (0 балл)
	Жоспарланған хабар тарату торынан тыс арнайы жобаларды дайындау. (мерейтойлық, күнтізбелік, мерекелік және т. б. белгілі бір күндер мен оқиғаларға орайластырылған))	5-тен кем емес	Өте жақсы (1 балл)
		3-тен кем емес	Жақсы (0,5 балл)
		Жоқ	Нашар (0 балл)
Телеөнімдердің қаралымы <b>(4 балл)</b>	Тиісті телеөлшеуішті (ұйымдар, TNS және т. б.) өлшеу қорытындылары бойынша жыл қорытындысы бойынша телевизиялық өнімдер үздік 5-ке кіреді	2 және одан да көп телеөнімдер	Өте жақсы (4 балл)
		2-ге дейін телеөнімдер	Жақсы (3 балл)
		Үздік 5-ке кірмейді	Нашар (0 балл)
Мемлекеттік тапсырма шеңберіндегі сатып алудың тиімділігі	Сатып алу қорытындысы бойынша үнемдеудің	10% -дан астам	Өте жақсы (3 балл)
		5-10%	Жақсы (2 балл)



<b>(3 балл)</b>	болуы	5% -ға дейін	Нашар (0 балл)
-----------------	-------	--------------	----------------

Бұл да, тек кейбір мысал үшін көрсетілген тікелей аудит объектісінің қызметіне бағытталған бағалау критерийлері мен бағалау көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Бұдан бөлек қосымша квазимемлекеттік ұйымның мемлекетке, қоғамға, тиісті аумақ бойынша келтірген пайдасын, оң нәтижелерін, соның ішінде экономикалық өсудегі үлесі (бюджетке құйған дивидент көлемі, төлеген салық көлемі т.б.), әлеуметтік саладағы үлесі (жұмыс орындарын ашу, инвестиция құю, әлеуметтік көмек т.б.) және т.б. бағалау критерийлерін қосуға болады.

Сонымен қатар жалпы барлық квазимемлекеттік ұйымдарға тән бірдей қолдануға жарайтын бағалау критерийлерін атауға болады, соның ішінде:

- Корпоративтік басқарудағы кемшіліктер
- Директорлар кеңесінің шешімдерін орындалуы
- Корпоративтік басқаруды тәуелсіз бағалаудың болуы
- Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі
- Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелеріне жауапты құрылымдық бөлімшенің (немесе жүктеудің) болуы
- Қоғамдық субъектілердің қанағаттануы (жеке және заңды тұлғалардың өтініштері)
- Қызметкерлердің қанағаттануы
- Директорлар кеңесі мен атқарушы орган қабылдаған әкімшілік шығыстарды азайту, шығындарды тиімді және үнемді пайдалану жөніндегі құжаттар
- Филиалдар мен еншілес ұйымдардың (кіші еншілес ұйым) қызметін басқару)
- Филиалдардың /ЕҰ /КЕҰ қаржыландыруы мен шығындарын оңтайландыру
- Әкімшілік шығындарды басқару
- Жекелеген әкімшілік шығыстарға арналған лимиттердің болуы және олардың сақталуы

• Әкімшілік шығыстар бойынша жоспарлы көрсеткіштердің артық шығысының болмауы

• Өткен жылмен салыстырғанда шығыстар құрылымындағы әкімшілік шығыстар үлесінің өзгеруі

• Қызметтің мақсаттарын, міндеттерін және негізгі көрсеткіштерін орындау

• Рентабельділік

• Талап-арыз жұмыстары

• Қызмет түрлері бойынша қызмет

• Тексеруші уәкілетті органдар (мемлекеттік аудит, прокуратура органдары және т. б.) анықтаған бұзушылықтар фактілері

• Аудит барысында ҚР заңнамасын жалғыз акционердің шешімдерін, ішкі құжаттама талаптарын бұзу фактілерін анықтау

• Сапа менеджменті жүйесі;

• Бос қаражатты пайдалану;

• Даму стратегиясы бойынша әр жылда қойылған көрсеткіштерге жету деңгейі

• Дебиторлық және кредиторлық берешек

• Ішкі аудит қызметінің жұмысы

• Кадр саясаты

• Директорлар кеңесі мүшелерінің тиімділігі

• Атқарушы органның тиімділігі

• Даму стратегиясы

• Омбудсменнің жұмысы

• Интернет-ресурсы

• Мемлекеттік тапсырманың орындалуын үшінші тұлғаларға беру (аутсорсинг)

• Мемлекеттік тапсырма шартын орындау сапасы т.б.

**Мемлекеттік ұйымдарда қолданылатын арнаулы көрсеткіштер**

Тағы бір мысал арқылы, енді мемлекеттік орган мен мемлекеттік мекеменің қызметіне тиімділік аудитін жүргізу бойынша арнаулы көрсеткіштері мен бағалау критерийлерін әзірлеудің келесі мысалын қарауға болады:

Түкістан облысының әкімі аппараты ішкі аудит қызметі тарапынан «Арыс

қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Бөлім) тиімділік аудитін жүргізу тәжірибесі (автордың кәсіби тәжірибесінен).

Бұл тиімділік аудитін жүргізудің мәні мен мақсаты:

Бөлімнің 2018 жылғы атқарылған қызметінің тиімділігін талдау.

Тиімділік аудитін жүргізу бойынша келесі арнаулы көрсеткіштер қойылды:

1-көрсеткіш: Бөлімнің 2018 жылғы мемлекеттік қызметтер көрсету бағытындағы жұмысының нәтижелігі және тиімділігі.

2-көрсеткіш: Мемлекеттік қызметтерді алушылардың Бөлім қызметіне қанағаттану деңгейі.

Бөлім қызметінің бағытын, міндеттері мен функцияларын ескере отырып келесі бағалау критерийлері қабылданды:

- Ғимараттың, орынжайлардың қызметкерлерге және қызмет алушыларға үшін қолайлық деңгейі

- Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды (мүгедектер, егде кісілер, екіқабат әйелдер т.б.) қабылдау деңгейі

- Қызмет көрсету стандарттарына сәйкес уақыт, мерзім межелерін сақтау деңгейі

- Қызмет алушылардың қанағаттану деңгейі, қызмет көрсету деңгейі, мәдениеті

- Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша бизнес процесстері

- Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету қызметінің деңгейі

- Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, өтініш берушілерді ымдау тілі мамандары мен жеке көмекшілермен қамтамасыз ету деңгейі

- Азаматтық хал актілері саласындағы саясатты іске асыру қызметінің деңгейі

- Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету деңгейі

- Арыз-шағымдардың деңгейі

- Бөлімнің ішкі бақылау мен басқару жүйесінің жұмыс істеуін бағалау бойынша

тест-талдау нәтижесі

- Бөлімде 2016-2018 жылдары мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары, бақылау және қадағалау органдары жүргізген тексерулер бойынша жүйелі бұзушылықтар мен кемшіліктер деңгейі

- Ғимараттың, қызметкерлердің және қызмет алушылардың қауіпсіздігі деңгейі

- Жоспарлау деңгейі

- Бөлім жұмысын құру, үйлестіру деңгейі

- Кадрлық құрамның сапалығы

- Аудит барысында Бөлім тарапынан заңнама нормаларының сақталуы деңгейі

- Материалдық ресурстарының жеткіліктілігі

- Бөлімде құралатын құжаттардың сақталу деңгейі

Көріп отырғандай, мемлекеттік мекеменің арнаулы көрсеткіштері мен бағалау критерийлерде өзгешелік бар, мемлекеттік қызмет көрсетуге, қызмет алушылардың қанағаттанушылығына басымдық берілген, соның ішінде қызмет алушылардың қанағаттану деңгейі, қызмет көрсету деңгейі мен мәдениетін бағалау критерийі қосылған, аталған критерий бойынша көрсеткішті анықтау қызмет алушылардан анонимдік түрде сауалнама алу арқылы жүзеге асырылады.

Бұдан бөлек мемлекеттік органдарда тиімділік аудитін жүргізу кезінде қосымша Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №954 Жарлығымен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі негізінде мемлекеттік органдардың қызметін бағалауды мынадай блоктар бойынша (арнаулы көрсеткіштер) тиісті бағалау критерийлері мен көрсеткіштерін әзірлеуге болады:

1) мақсаттарға қол жеткізу. Бұл блок бойынша келесі бағалау критерийлерін қолдануға болады:

- стратегиялық жоспарлар мен аумақтарды дамыту бағдарламаларының мақсаттарына қол жеткізуі бойынша тиімділігі;

- бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштеріне қол жеткізуі бойынша тиімділігі.

2) мемлекеттік органның жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимылы. Бұл блок бойынша келесі бағалау критерийлерін қолдануға болады:

- халыққа сапалы мемлекеттік қызметтер көрсету тиімділігі;  
- жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін қарау тиімділігі.

3) мемлекеттік органның ұйымдастырушылық дамуы. Бұл блок бойынша келесі бағалау критерийлерін қолдануға болады:

- персоналды басқару тиімділігі;  
- ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігі (*Қазақстан Республикасы Президенті, 2010*).

Ал енді осы бағалау критерийлері мен бағалау көрсеткіштері негізінде нақты бағалауға келетін болсақ, жалпы

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Абдигамидов, А.К. (2018). Концепция по совершенствованию деятельности служб внутреннего аудита государственных органов. *Мемлекеттік аудит-Государственный аудит*, 3 (40), 67.
- Алпысбаев, Т.А. (2018). Совершенствование методик аудита эффективности квазигосударственного сектора. *Мемлекеттік аудит-Государственный аудит*, 4 (41), 32.
- Бегленова, А.А. (2018). Аудит эффективности предприятий государственного сектора Республики Казахстан. *Мемлекеттік аудит-Государственный аудит*, 1 (38), 63, 65;
- Қазақстан Республикасының Парламенті. (2015, 13 қараша). «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» *Қазақстан Республикасының Заңы №392-V*. 3-баб, 3-тармақ, 3-тармақша, 15, 56-баптар. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>.
- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі. (2018, 2 Қазан). «Ішкі аудит қызметтерінің тиімділік аудитін жүргізу бойынша ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартын бекіту туралы» №873 бұйрық. 15-17-тармақ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017690>.
- Қазақстан Республикасының Президенті. (2013, 13 Қаңтар). «Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасын бекіту туралы» №634 Жарлық. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000634>
- Муканов, С.К. (2020). Аудит эффективности в квазигосударственном секторе. *Мемлекеттік аудит-Государственный аудит*, 4 (49), 12.
- Нугербеков, С.Н. (2018). Вопросы применения международных стандартов государственного аудита. *Мемлекеттік аудит-Государственный аудит*, 1 (38), 26.
- Қазақстан Республикасының Президенті. (2010, 19 Наурыз). «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» №954 Жарлық. 4-7-тараулар. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U100000954>.
- Международная организация высших органов аудита (ИНТОСАИ). ISSAI 300 – «*Основополагающие принципы аудита эффективности*». [www.issai.org](http://www.issai.org)
- Саунин, А.Н. (2017). О понятии критериев в аудите эффективности и процедуре их выбора. *Мемлекеттік аудит-Государственный аудит*, 3 (36), 40-41.
- Черняева, З.А. (2017). Правовое регулирование аудита эффективности бюджетных расходов: зарубежный опыт и практика применения в Российской Федерации. *Диссертация на соискание ученой степени кандидата юридических наук*. Москва.

#### REFERENCES

- Abdigamidov, A.K. (2018). Konceptcija po sovershenstvovaniju dejatel'nosti sluzhby vnutrennego audita gosudarstvennyh organov [Concept for improving the activities of the internal audit services of State bodies]. *Memlekettik audit-Gosudarstvennyj audit [State Audit]*, 3 (40), pp. 67. (in Russian)
- Alpysbaev, T.A. (2018). Sovershenstvovanie metodik audita jeffektivnosti kvazigosudarstvennogo sektora [Improving the methods of auditing the effectiveness of the quasi-public sector]. *Memlekettik audit-Gosudarstvennyj audit [State Audit]*, 4 (41), pp. 32. (in Russian)

бағалау көбінесе бал жүйесі негізінде атқарылады. Бағалау кезінде аудит объектісінің қанағаттанарлық қызмет деңгейінің баллдық мөлшері белгіленуі мүмкін, мысалы 60-70 бал, аудит нәтижесі бойынша сол балл деңгейінен жоғары көрсеткіш алған аудит объектісінің қызметі тиімді болып есептелсе, керісінше сол орташа балдан төмен бал алған аудит объектісінің қызметі тиімсіз деп бағалауға болады.

Баллдық есепті қолдану кезінде жалпы шексіздік есебін қолдануға да болады немесе нақты 100 баллдық межені қабылдауға болады.

#### Қорытынды

Жоғарыда айтылған әдістеме бойынша жоғары дәрежеде, сапалы тиімділік аудитін жүргізуге болады деп есептейміз, аталған әдістеме тәжірибеден өткізілген және өз тиімділігін көрсетті.

- Beglenova, A.A. (2018). Audit jeffektivnosti predpriyatij gosudarstvennogo sektora Respubliki Kazahstan [Audit of the efficiency of public sector enterprises of the Republic of Kazakhstan]. *Memlekettik audit-Gosudarstvennyj audit [State Audit]*, 1 (38), pp. 63, pp. 65. (in Russian)
- Parliament of the Republic of Kazakhstan. (2015, November 12). «*Memlekettik audit zhәне karzhylyk bakylau turaly» Kazakstan Respublikasynyn Zany №392-V [Law of the Republic of Kazakhstan "On State Audit and Financial Control" №392-V]. 3-bab, p-3, s-3, a-15, 56. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>. (in Kazakh)*
- The Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan. (2018, October 2). «*Ishki audit kyzmetterinin tiimdilik auditin zhurgizu boiyynsha ishki memlekettik auditin zhane karzhylyk bakylaudyn rasimdik standartyn bekitu turaly» [Order of the Minister of Finance of the Republic of Kazakhstan " On Approval of the Procedural Standard of Internal State Audit and Financial Control for Conducting Performance Audits by Internal Audit Services"] Decree №873. p-15-17. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017690>. (in Kazakh)*
- President of the Republic of Kazakhstan. (2013, September 13). «*Kazakstan Respublikasynda memlekettik auditin engizu tuzhyrymdamasy bekitu turaly» ["On Approval of the Concept of Implementation of State Audit in the Republic of Kazakhstan"] Decree No. 634. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000634> (in Kazakh)*
- Mukanov, S.K. (2020). Audit jeffektivnosti v kvazigosdarstvennom sektore [Performance audit in the quasi-public sector]. *Memlekettik audit-Gosudarstvennyj audit [State Audit]*, 4 (49), pp.12. (in Russian)
- Nugerbekov, S.N. (2018). Voprosy primeneniya mezhdunarodnyh standartov gosudarstvennogo audita [Questions of application of the international standards of state audit]. *Memlekettik audit-Gosudarstvennyj audit [State Audit]*, 1 (38), pp. 26. (in Russian)
- President of the Republic of Kazakhstan. (2010, March 3). «*Ortalyk memlekettik organdar men oblystardyn, respublikalyk manyzy bar kalalardyn, astanany zhergilikti atkarushy organdary kyzmetinin tiimdiligin zhyl sajyngy bagalau zhyjesi turaly» ["On the system of annual assessment of the effectiveness of the central state bodies and local Executive bodies of Regions, Cities of Republican Significance, the Capital"]. Decree №954. Ch-4-7. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U100000954>. (in Kazakh)*
- Mezhdunarodnaja organizacija vysshih organov audita (INTOSAI) [International Organization of Supreme Audit Institutions (INTOSAI)]. ISSAI 300 – «*Osnovopolagajushhie principy audita jeffektivnosti» [ISSAI 300 - "Fundamental Principles of Performance Audit"]. [www.issai.org](http://www.issai.org) (in Russian)*
- Saunin, A.N. (2017). O ponjatii kriteriev v audite jeffektivnosti i procedure ih vybora [On the concept of criteria in the performance audit and the procedure for selecting them]. *Memlekettik audit-Gosudarstvennyj audit [State Audit]*, 3 (36), pp. 40-41. (in Russian)
- Chernjaeva, Z.A. (2017). Pravovoe regulirovanie audita jeffektivnosti bjudzhetnyh rashodov: zarubezhnyj opyt i praktika primeneniya v Rossijskoj Federacii. *Dissertacija na soiskanie uchenoj stepeni kandidata juridicheskikh nauk [Legal regulation of the audit of the effectiveness of budget expenditures: foreign experience and practice of application in the Russian Federation. Dissertation for the degree of Candidate of Legal Sciences]. Moscow. (in Russian).*

#### SOME METHODS OF PERFORMANCE AUDIT

**Abzal ABDIGAMIDOV**, Head of the Internal Audit Service of the Agency for Protection and Development of Competition of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, Kazakhstan, [amankel@mail.ru](mailto:amankel@mail.ru)

#### НЕКОТОРЫЕ МЕТОДЫ ПРОВЕДЕНИЯ АУДИТА ЭФФЕКТИВНОСТИ

**Абзал АБДИГАМИДОВ**, руководитель Службы внутреннего аудита Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан, Нур-Султан, Казахстан, [amankel@mail.ru](mailto:amankel@mail.ru)